




ҚАЗАҚ БІЛІМ
АКАДЕМИЯСЫНЫҢ
БАЙНДАМАЛАРЫ



ДОКЛАДЫ
КАЗАХСКОЙ АКАДЕМИИ
ОБРАЗОВАНИЯ

Общественное объединение
ученых и педагогов
Республики Казахстан
“Казахская академия образования”

Қазақстан Республикасы
ғалымдары мен педагогтерінің
“Қазақ білім академиясы”
қоғамдық бірлестігі

№1, 2018

Қазақ білім академиясының

БАЙНДАМАЛАРЫ

Тоқсандық журнал
2008 жылдан бастап шығады



ДОКЛАДЫ

Казахской академии
образования

Ежеквартальный журнал
издается с 2008 года

Журналда келесі бағыттардагы
ғылыми зерттеулер көрініс табады:

- педагогика;
- психология;
- тарих;
- филология;
- философия;
- саясаттану;
- әлеуметтандыру;
- әлеуметтік жұмыс;
- экономика;
- құқыктану.

В журнале отражаются результаты
научных исследований по направлениям:

- педагогика;
- психология;
- история;
- филология;
- философия;
- политология;
- социология;
- социальная работа;
- экономика;
- юриспруденция.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым
саласының бакылау жөніндегі комитеті Коллегиясының шешімімен диссертациялардың
негізгі қорытындыларының баспаға шыгаруға ұсынылатын ғылыми басылымдар
тізіміне енгізілген

**Решением Коллегии Комитета по контролю в сфере образования и науки
Министерства образования и науки Республики Казахстан
включен в Перечень научных изданий, рекомендуемых для публикаций основных
результатов диссертаций**

Журналда Қазақстан Республикасындагы білім беру жүйесінің қазіргі жағдайының
нәтижелері басылады, білім беру теориясы мен тәжірибесі мәселелері талыланады.

В журнале публикуются результаты исследований современного состояния системы
образования в Республике Казахстан, обсуждаются вопросы теории и практики
образования.

**БІЗДІ ЖОО-ЛАРДЫҢ ОҚЫТУШЫЛАРЫ, БІЛІМ МЕКЕМЕЛЕРИНІН
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ, ЕЛІМІЗДЕГІ КІГАПХАНАЛАРДЫҢ
МИЛЛИОНДАҒАН ОҚЫРМАНДАРЫ ОҚИДЫ**

Жазылым индексі: 74182

Баспаның мекенжайы: 010009, Астана к., Жұмабаев к-сі, 3.

Телефон/факс: (7172) 56-19-33

E-mail: eagi@list.ru

Бас редактор:

Оспанова Ярослава Николаевна, П.Ф.К., доцент

Бас редактордың орынбасары:

Шормакова Айжан Ботанқызы, П.Ф.К., доцент

**Күрүлтайшы – «Қазак білім академиясы» Қазақстан Республикасының
ғалымдары мен педагогтерінің қоғамдық үйімі**

БАҚ - қа тіркелгендігі туралы № 9608 - Ж қуәлікті Қазақстан Республикасының
Медениет және ақпарат министрлігі 2008 жылы 4 қарашада берген

Редакциялық кенестің төрағасы
Құсайынов А.Қ., т.ғ.д., профессор

Редакциялық алқаның мүшелері

Абдурасурова К.Р., з.ғ.д., профессор (Өзбекстан Республикасы)

Абдрашитова Т.А., психол.ғ.д., доцент

Айтқазин Т.Қ., филос.ғ.д., профессор

Арабаев А.А., з.ғ.д., профессор (Қыргызстан Республикасы)

Ахметов К.Ә., т.ғ.д., профессор

Аширбекова А.Д.

Букалерова Л.А., з.ғ.д., профессор (Ресей Федерациясы)

Боланьос Х.Ә., PhD, профессор (Испания)

Борбасов С.М., саясаттану ғ.д., профессор

Волкова Л.В., п.ғ.к., доцент

Дәдебаев Ж.Д., ф.ғ.д., профессор

Дронзина Т.А., саясаттану ғ.д., профессор (Болгария Республикасы)

Евгениева Е.Х., п.ғ.д., доцент (Болгария Республикасы)

Жекова Р.Ж., саясаттану ғ.д., доцент (Болгария Республикасы)

Иншаков О.В., з.ғ.д., профессор (Ресей Федерациясы)

Исмаилов А.Ж., психол.ғ.к., профессор

Қадырбаев А.Ш., т.ғ.д., профессор (Ресей Федерациясы)

Қадыров Б.Р., психол.ғ.д., профессор (Өзбекстан Республикасы)

Кодин Е.В., т.ғ.д., профессор (Ресей Федерациясы)

Косанов Ж.Х., з.ғ.д., профессор

Мамаділ Қ.А., ф.ғ.к., доцент

Пакуш Л.В., з.ғ.д., профессор (Беларусь Республикасы)

Рындак В.Г., п.ғ.д., профессор (Ресей Федерациясы)

Сарсекеев Б.С., п.ғ.д., доцент

Терзийска П.М., п.ғ.к., доцент (Болгария Республикасы)

Жауапты хатшы: Мұхамбетова Қ.А.

Компьютерлік беттеу: Сыздыкова А.С.

ЖАРНАМАНЫЗДЫ БЕРУГЕ ШАҚЫРАМЫЗ

Жарнама жөніндегі менеджер – Хамзина Салтанат Болатқызы

Телефон/факс: (7172) 56-19-33. E-mail: eagi@list.ru

ҚАЗАҚ БІЛІМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ БАЯНДАМАЛАРЫ

1/2018

Журнал 2008 жылдан бастап шығады

МАЗМУНЫ

СОДЕРЖАНИЕ

ЖАЛПЫ ПЕДАГОГИКА. ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ БІЛІМ ТАРИХЫ. ЭТНОПЕДАГОГИКА

ОБЩАЯ ПЕДАГОГИКА. ИСТОРИЯ ПЕДАГОГИКИ И ОБРАЗОВАНИЯ. ЭТНОПЕДАГОГИКА

Б.С. Сарсекеев	К проблеме совершенствования структуры учебника	6
Я.Н. Оспанова	Медиация как технология разрешения конфликтов в	13
Н.Т. Ныгыманова	образовательной среде	
L.A. Buletova	The system of cooperation in the continuity of teaching	20
J.Zh. Kuatova	technologies in the preparation of the future teacher	
Yu.N. Kamalov		
A. Sajipov		
З.Е. Жумабаева	Дошкольный педагог в теории М. Монтессори	27
I.M. Ryabukha	Professional maritime educational institutions of the xix th	33
	century as basis for maritime education development in	
	Ukraine (historical and retrospective review)	
Н.В. Слюсаренко	Половое просвещение как неотъемлемая	41
Я.Н. Оспанова	составляющая сексуальной педагогики	
А.И. Ляшкевич	Становление и развитие морского образования	53
М.И. Болотова	в российской империи в XVIII веке	
D.V. Lepeshev	Информационная среда как средство повышения	66
A.N. Zhagaрагова	эффективности обучения в университете	
E.B. Кохановская	The causes of suicidal behavior in adolescence	75
Е.К. Сейсенбеков	Естественно-математическая подготовка девочек в	82
Ә.Ж. Тастанов	прогимназиях второй половины XIX – начала XX	
Б.Ә. Сакаев	столетия	
Н.Б. Шегенбаев	Білім алушылардың кәсіби-қолданбалы даярлық	92
Б.Т. Ортаев	жүйесі аясында спортың жекпе-жек түрлерін оқыту	
А. Сайпов	әдістері	
Б.С. Омаров		
С.Ш. Әлімбекова	Болашақ мұғалімдерді даярлауда педагогикалық	98
M.Ж. Тусупбекова	тапсырмаларды пайдаланудың ерекшеліктері	
F.P. Акманова	Внедрение и изучение казахского алфавита с	106
Қ.Қ. Мұқанова	помощью мобильных приложений	
Е.К. Сейсенбеков	Лирикалық шығармаларды оқытудың әдістемелік	112
	негіздері	
	Білім беру жүйесін еркендетудің негіздері	118

126	Л.Н. Дәуренбекова Л.Ж. Мұсалы Н.Б. Мансуров	М. Әуезовтің «Қараш-қараң оқиғасы» повесіндегі пейзаждың орыс тіліне аударылу сипаты Зейнолла Сәнік шығармаларының лексикалық құрамы	249 255
133	F.K. Резуанова В.А. Шнейдер	Павлодар Ертіс өнірі қаламгерлерінің шығармаларындағы орыс тілімен енген сөздер және олардың лексика-семантикалық сипаты	262
139	Г.Т. Сырлыбаева	Карата-қарсылық ұғымының психолингвистикалық тәжірибе негізінде айқындау	269
145	Қ.Ә. Тамабаева Т.Б. Нұрбеков	Ж. Дәдебаев және бүтінгі әдеби сын	277
152	А.Е. Алимбаев Г.А. Сейсембай	Ш.Қ. Сәтбаеваның «Шокан Уәлиханов – филолог» еңбегінің маңыздылығы	284
158	Д.А. Алкебаева М.М. Малик	Қазақ ұғттық әдеби тілі және әлеуметтік желі	290
165	Қ. М. Байтанаева Қ. Р. Шымбергенова	Публицистиканың жанрлық сипаты	296
71	Ш.Қ. Құрманбаева С.Б. Куандыкова	Жыраулар поэзиясындағы басым құндылықтарды жеткізуіндік аксиолингвистикалық тәсілдері	303
	Ж.Е. Бекжанова Е.Б. Ибрагимов	Перспективы изучения религиозного дискурса в художественной литературе	310
	Ж.С. Таласпаева А.Б. Ерсаннова	F. Мұсірепов шығармаларында тұрақты тіркестердің керініс табуы	316
	Л.Ә. Ибраимова Д. Сапарова	Тілдік ареалдардың таралуы мен пайда болу факторлары	323

ҚҰҚЫҚТАНУ ЮРИСПРУДЕНЦИЯ

7	А.Ш. Аккулев Е.А. Мазов	Римское право при уяснении правовой природы юридического лица	331
---	----------------------------	--	-----

ӘОЖ: 811.512.122:004

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИ ТІЛІ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІ

Д.А. АЛКЕБАЕВА

филология ғылымдарының докторы, профессоры
казақ тіл білімі кафедрасының
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,

филология және әлем тілдері факультеті

М.М. МАЛИК

филология және әлем тілдері факультетінін

3 курс докторанты

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,

Аннотация

Макалада қазақ ұлттық әдеби тілінің әлеуметтік желілердегі көрінісі қарастырылады. Қазақ ұлттық әдеби тіліне қатысты ғалымдар пікірі, әлеуметтік желілердегі стильдік, орфографиялық, пунктуациялық, т.б. кателер мысалға алынған. Желілердегі ақпараттың берілуіне байланысты сол ақпаратты қабылдаушы адамдардың сез саптауы, қолдануы жасы, жынысы, әлеуметтік-саяси көзқарасынан анық байкалады. Бұдан біздің байқаганымыз тілдің қазіргі қолдану деңгейі, қалпы өзгеріске түсіп отыр. Әлеуметтік желілердегі сез, тіл тазалығы қазақ ұлттық әдеби тілінен алшақтан бара жатқандығы туралы ақпарат береді.

Түйін сөздер: қазақ ұлттық әдеби тілі, әлеуметтік желі, стиль, норма, пікір қалдырушылар, коммуникат.

Қазақ ұлттық әдеби тілі – қазақ ұлтының тарихи, қоғамдық, саяси, мәдени, т.б. өмірінің сан-саласында көркем әдебиет, БАҚ, білім беру жүйесі мен ғылым салалары мен іс қағаздарында қолданатын тілі. Қазақ әдеби тілінің тарихы, міндеттеріне қатысты қазақ, орыс ғалымдарының зерттеу еңбектері әр алуан. Әдеби тілге қатысты пікір айтқан ғалымдар: И. Кенесбаев, Н. Сауранбаев, М. Балакаев, С. Аманжолов, А. Ысқақов, Ф. Мұсабаев, Т. Қордабаев, Р. Сыздыкова, Ә. Құрышжанов, М. Томанов, Қ. Өмірәлиев, С. Исаев, Ә. Ибатов, Б. Әбілқасымов, Е. Жанпейісов, Ф. Қалиев, Е. Жұбанов, С. Хасанова, т.б. зерттеушілер. Орыс ғалымдары: В.В. Виноградов, А.И. Ефимов, В.Л. Левин, А.И. Горшков, Р.А. Будагов, Ф.П. Филин, т.б. Әдеби тілдің анықтамасы, сипаты туралы тілші ғалымдар тарапынан айтылып жүр

жүрген пікірлерге толығырақ тоқталайық. С. Аманжолов: «Әдеби тіл дегеніміз көркем әдебиеттің тілі ғана емес, ол – ғылымның барлық саласын қамтитын, халыққа өнер-білім беретін, тәлім-тәрбие үйрететін баспасөздің тілі» десе [1, 4 б.], Ф. Мұсабаев: «Әдеби тіл – ғылыми, техникалық, көркем әдебиет нұсқаларының тілі, мектеп, театр, радио, баспасөз жеке мемлекет мекемелерінде қолданылатын тіл енетінін және әдеби тілдің нормаланған, жалпыға бірдей түсінікті болуы шарт» [2, 48 б.], Т. Қордабаев: «Әдеби тіл дегеніміз – жазу тілі. Жазу тілінсіз әдеби тіл болмайды. Бірак жазба болған жердің бәрінде бірдей әдеби тіл бола бермейді. Сол сияқты, кез келген жазба нұсқалар да әдеби тіл материалы, әдеби тіл үлгісі бола алмайды. Әйткені әдеби тіл тілдік материалдарды стилистикалық ынғайға, жанрга қарай саналы түрде ірікеп, екшеп, сұрыптаپ, өндеп, қырнап, белгілі бір нормаға келтіріп қолдану арқылы жасалады» [3, 68-69 б.], М. Томанов, С. Исаев, Ә. Ибатов «Әдеби тіл болудың үлкен белгісі – оның құрылымы мен қағидалары сол тілде сөйлеушілерге түгел түсінікті ортақ болыш келуі» [4, 54-55 б.], К. Жұбанов: «Жазба әдеби тіл көпке ортақ, бұқаралық болуы тиіс, оның негізі әрбір ұлттың сөйлеу практикасына сәйкестелуі қажет» деп санаса [5, 96-97 б.], ал А.Салқынбай: «Әдеби тіл – орнықкан тұрақты нормалары бар баршаға бірдей түсінікті, қоғамдық қызметі әр алуан, жалпы халықтық тілдің екшеленген, сұрыпталған, сымбатталған жүйелі түрі» [6, 34 б.] деп жүйелі анықтама берді. Жогарыда келтірілген ғалымдардың әдеби тілге қатысты пікірлерін корытындыласақ, әдеби тіл – жалпы халықтық тілдің қалыптасқан нормаға түскен нұсқасы екені дау тудырмайды. Бастапқы кезде зерттеушілер әдеби тілді жазба тілдің баламасы ретінде түсініп, сөйлеу тіліне қарама-қарсы құбылыс деп тұжырымдаған. Әдеби тіл туралы мұндай түсінікке әдетте жазба тілі негіз болды. Зерттеушілердің кейбіреулері тілдің әдебилігін оның жалпы қоғам мүшелеңеріне ортақ болу қасиетінен іздеді. Әдеби тілдің жұртшылықтың бәріне бірдей ортақ болу оны диалект, жаргон, сленг, т.б. ерекшеліктерден өзгешелеп тұрады. Әдеби тіл барлық стильдердің талантарына сәйкес болу керектігін тілші ғалымдар айтып откен.

Әлеуметтік желі – қоғам өмірінің айнасы, жаһандық дамудың қарым-қатынас құралы. Алысты, жақынды саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени, спорт, өнер, кино, денсаулық сактау, білім беру салаларындағы барлық ақпаратты жұртшылық назарына ұсынатын, ғылыми жаңалықтар мен жетістіктерді көпшілікке жеткізетін ғылыми-теориялық, практикалық құрал.

Терминге қатысты анықтамаларға тоқталсак. «Әлеумет – елжүрт, көпшілік қауым, қоғам, мемлекет» яғни әлеумет-қоғамдық топ,

үйім, дүйім жұрт, бұқара екені белгілі [7, 87 б.]. «Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігінде» әлеуметтік желі (ағыл. Social network – қарым-қатынастың тұлғааралық бағыттарының жиынтығы (В.И.Карасик); қарым-қатынас жасайтын әлеуметтік топ (отбасылық – туыстық әлеует, көршілір, т.б.) [8, 43 б.]. Яғни қоғам тілінің әлеуметтік желіде сөйлеу актісі, қарым-қатынас орнатудың өзіндік белгілері мен мақсаттарының жиынтығы екенін байқауымызға болады.

Сондықтан әлеуметтік желілердің көптеп тарапуы мен талдануы (пікір қалдыруышылар) қазақ әдеби тілінің нормаларына сай емес екені белгілі. Желілердегі ақпараттың берілуіне байланысты сол ақпаратты қабылдаушы адамдардың сөз саптауы, қолдануы жасы, жынысы, әлеуметтік-саяси көзқарасынан анық байкалады. Бұдан біздің байқағанымыз тілдің қазіргі қолдану деңгейі, қалпы өзгеріске түсіп отыр. Әлеуметтік желінің көп пайдаланытындардың желілерде бір-біrine қазған хабарламалары, адамдар арасындағы диалогке құрылған мәтіндердің құрылымы, берілу, жазылу жүйесі өз алдына бір төбе больш отыр. Жастардың сөздік қорында әдеби тілмен сейлемейтін адамға түсініксіз сөздер, сөз тіркестері мен сейлемдер, бейвербалды амалдар (смайлек, тыныс белгілер, сурет кескіндемелер, т.б.) көп. Олар сленг сөздерін аузызекі тілде ғана қолданбай, әлеуметтік желілерге де енгізіп жатыр. Жастардың жазбаша «жаңа тіл \ әлеуметтік тіл» мен әлеуметтік желі постарында қаптап жүрген кесел тәріздес. Әлеуметтік желіде кездесетін мысалдар қоғам тілінің көрсеткіші ғана емес, сонымен коса сөз сөйлеу, ойын жеткізуін, әрі тыңдаушысына әсер етуінің көрсеткіші больш отыр. Мысалы «facebook», «vk» и «twitter», «imo», «instagfam», «whatsapp», т.б. желілердегі афиша, постер, жаңалыктар, пікірлердегі мысалдар қазақ әдеби тіліне қойылатын таланттарға сай емес және стильдік, орфографиялық, пунктуациялық, т.б. қателер жиі ұшырасады. Бұған дәлел ретінде Берік Нұрболат деген азаматтың «facebook» паракшасындағы дін мәселесіне қатысты жазған пікірі қызы талқыла түсіп, пікір қалдыруышылар арасындағы диалогтың байланыс арта түсті. Бір күннің ішінде 74 пікір жазылғаны белгілі. Мысалы: «Айтын орынды. Кезинде, будан 100 жыл бурын, Ислам динин устанган казахтар мен орта Азия халықтарын, динсиз большевиктер оларды басымашилар деп кырды. Осы мәселени халық билмейди. Ал, казырде Ислам динин барынша Коран мен суннамен устанган шешен, дагыстан, карачай, татар тәгі басқа халықтардың жигиттерин шовинист каифир орыстың арнаулы қызмети ваххабистер, салафиттер деп кудалауда. Осы динсиз орында ерген казах арнаулы қызметиде осы динсиздікти кайталауда. Егер ким

болсада, карапайым халыкка каяып тондирсе сол жерде атсын. Тек шындык болсын. Ал, бирак отирик, Исламнан хабары жок халыкты бир бирине айдастырып жақсети жок. Себеби туби отирик ашылады. Сондыктан мен халык шындыкты билсін деймин». Осы пікірге келесі коммуникат мынадай пікір қалдырыпты: «Ей сен есин дұрыс адамсың ба? Анау катыннын созинен соң, оны мұсылман деп отырсынба? Сен осы мәселени дүние дүзиндеги мұсылмандарга жибер. Сен тағыда айтамын мұсылман мен кафирди айыра алмайсың»... [9]. Пікір қалдырган коммуникаттардың жазбаша диалогтық қарым-катынас кезінде тіліміздегі орфографиялық ережелер жүйесін сақтамай, сөздерді айтылуы бойынша немесе төл графемаларды (и, і, қ, ұ, ғ, ө, ү) орыс графикасындағы таңбалармен алмастырып таңбалау үрдісіне бой алдырганы көрініп тұр. Келесі мысал Бибігүл Дәuletбекқызы «ГУГУША, ЕҢ, ГУГУША...» атты жазбасы. Автордың паракшадағы жазбасына жалпы саны 249 адам ұнайды, колдаймын, лұпіл басса, 38 колданушы өзіндік пікір жазып осы тақырып аясында диалогтық байланыс орнатты. Пікір қалдыруышы: «Халық емес шешетин адам тағдырын бари бир Алланын көлінде халыктын алдында емес кудаидын алдында ар адам есебин беред ешкім билди кимнин алдында не күтип турғанын бир аллах биледи [10]. Желіні колданушы төл графемаларды (қ, і, ғ, ә, ң, ұ, ү) орыс графикасындағы таңбалармен алмастырып таңбалау үрдісіне бой алдырган. Бұл мысалдардага қарал, коммуникаттардың желіде жазбаша қарым-катынас жасауда орфографиялық ережелерді білмestіктен не әдейі бұра тартып (ереже сақтауга ерінуі де мүмкін, себебі виртуалды кеңістіктегі катынас бейресми қатынас болып табылады) жоғарыдағыдан қателіктерге жол беріп жүргенін бағамдаймыз [11]. Сейлемдердегі стильдік (логикалық, т.б.) қателер өз алдына бір тәбе болып отыр. Коммуникаттар арасындағы кейбір пікірлер (комментарий) жеке бір адамның (субъекті) басын ортага салып талдац, дауыс жинап, жактау немесе қарсы келу мақсатындағы мәтіндердің ахуалы төмен деңгейде екені мәлім болып отыр. Мұндай мысалдарды әртурлі желілерден көнтеп келтіре беруге болады. Әлеуметтік желілердегі қазақ ұлттық әдеби тілінің бүгінгі ахуалын осындай мысалдардан байқауға болады. Желілердегі сауаттылық мәселелеріне бейжай қарау ертеңгі күні ұлттық тілге орасан зор қауіп тудыратыны айтпаса да түсінікті. Уақыт өте келе желі арқылы өзгеріске ұшыраған өскелен үрпақ санасымен ұлттық тіл мәдениетінің нормалары бұзылып, жаппай жаргон, арго, дисфемизмдермен ластануы мүмкін. Әлеуметтік желідегі тілдік норманы бұзып қарым-катынас жасау тілдесушілердің тілдік санасындағы орфографияны (дұрыс жазу зандылығы) бұзып,

орфоэпияның (окылым) орныгуына ықпал етеді. Сондыктан желілерді қолданушы бүтіннен бастап өз сезіне назар аударып, сауаттылық және сез этикеті (сез мәдениеті) мәселелерін естен шығармауы тиіс. Кез келген қарым-катаңас адамның өзі үшін емес, қоғам үшін жасалатынын еске алсак, ойын сауатты, әрі мәдениетті жеткізу ең алдымен сөйлеушінің (жеткізушінің), пікір қалдыруышының қоғамға деген катынасын, жеке басының әдептілігі, саяси, мәдени жағы оның ұлттық тіл алдындағы жауапкершілігін білдіреді.

Әлеуметтік желілердегі сез, тіл тазалығы қазак ұлттық әдеби тілінен алшактап бара жатыр. Мәселең, сездерді қыскартып жазу, орыс сездерін араластыра жазу, асығыстықтан туган қателіктер, жаргон сездер, сленгтер мен диалектілерді айтуга болады. Стилистикалық қателер, сездердің дұрыс қолданылмауы, түрпайы сездер де қолданылып жатады. Желідегі адамның жазбасы арқылы сол адам туралы толық ақпарат беріп отырғанын аңғармайтын, ескермейтін адамдар көтеп кездеседі.

Әлеуметтік желілерде қазақ ұлттық әдеби тіл нормасының талаптарын бұзатын орфографиялық, орфоэпиялық, пунктуациялық, графикалық, грамматикалық, лексикалық, пунктуациялық, т.б. қателіктер күн сайын көбейіш жатыр. Аталған қателер коммуникаттардың сейлеу дагдысы әртүрлі себептерге байланысты ықшамдалуы, сөздік қорының аздығы, өзіне тән кемшіліктер (мәдени, рухани, т.б.), тілге селқос қарауы деп пайымдауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

Резюме

В этой статье показано проявление казахского литературного языка в социальной сети. Показан пример мнения ученого о казахском литературном языке, стилистике, орфографии, пунктуации в социальных сетях. В связи с передачей информации в сетях показано, что люди принимают информацию, применение слов, возраст, пол, социально-политическую точку зрения. Здесь мы видим уровень нашего языка в приложении и его изменения. Есть информация о речи в социальной сети, выразительность которой далека от казахского литературного языка.

Resume

In this article manifestation of the Kazakh national literary language in social network. Is shown there was given an example example of the scientist's opinion about the Kazakh national literary language, stylistic, spelling, punctuation errors in social networks. In connection with the transfer of information in the networks, people's acceptation of information, application of words, age, sex, socio-political point of view are described. Here we see the level of our language in application and its changes. There is information about social network speech. The expressiveness of the literary language is far from the Kazakh national literary language.